

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1457 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 27.08.2013 № 623 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Актер жинағында  
жариялануға тиіс"

Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың, мемлекеттік қызметті көсіби кадрлармен қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың сұранысын қанағаттандыру жөніндегі бірыңғай мемлекеттік кадр саясатын жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесі бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2004

жылғы

11

қазандығы

N

1457

Жарлығымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру**  
**ҚАҒИДАЛАРЫ**

**Ескеरту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 27.08.2013 № 623 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі ).**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру мақсатында өзірленген және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметшілерді даярлау (бұдан әрі – даярлау) – жоғары окуорнынан кейінгі кәсіби білім беру-оку бағдарламаларын игеру нәтижесі бойынша тиісті академиялық (ғылыми) дәреже алу үшін мемлекеттік органның жолдамасымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясындағы (бұдан әрі – Академия) оқыту процесі.

3. Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау (қайта мамандану) (бұдан әрі – қайта даярлау) – «А» және «Б» корпустарының мемлекеттік әкімшілік қызметіне алғаш кіруіне немесе «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік басшы лауазымына алғаш тағайындалуына байланысты қосымша кәсіби білім алу үшін Академиядағы және мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен біліктілігін арттырудың өнірлік орталықтарындағы (бұдан әрі – орталықтар) оқыту курстары .

Қайта даярлауды табысты аяқтаған мемлекеттік қызметшілерге қайта даярлауды аяқтағанын растайтын құжат беріледі.

Қайта даярлау курстарына :

- 1) «А» және «Б» корпустарының мемлекеттік әкімшілік қызметіне алғаш кірген ;
- 2) «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік басшы лауазымына алғаш тағайындалған мемлекеттік қызметшілер жіберіледі.

4. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру (бұдан әрі – біліктілігін арттыру) – олардың кәсіби, басқарушылық және жеке құзыretін жетілдіру үшін атқаратын лауазымдарының санаттарына байланысты білім беру үйимдарындағы , оның ішінде шетелдік үйимдардағы оқыту семинарлары.

Біліктілігін арттыруды табысты аяқтаған мемлекеттік қызметшілерге біліктілігін арттыруды аяқтағанын растайтын құжат беріледі.

5. Мемлекеттік қызметшілерді оқытуға жұмсалатын шығындардың нормативтерін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның ұсынуы

бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.  
Орталықтар туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

## **2. Даирлауға, қайта даирлауға және біліктілікті арттыруға жұмсалатын шығындарды жоспарлау**

6. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган даирлауға, қайта даирлауға және біліктілікті арттыруға жұмсалатын шығындарды Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес жоспарлайды.

7. Жергілікті атқарушы органдар қайта даирлауға және біліктілікті арттыруға жұмсалатын шығындарды Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес жоспарлайды.

8. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік қызметшілерді оқытуға жұмсалатын шығындарды мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның қорытындысын ескеріп, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жоспарлайды.

Біліктілікті арттыру мемлекеттік органдардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік органдардың біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларына қоятын талаптары мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен келісіледі.

9. Персоналды басқарудың бірынғай қызметі (кадр қызметі) құрылған жағдайда ол құрылымына кіретін мемлекеттік орган қайта даирлау және біліктілікті арттыру бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісі болып табылады.

## **3. Даирлау**

10. Даирлау мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде жүзеге асырылады.

Даирлаудан Академия белгілеген тиісті талаптарға сәйкес және Академиядан даирлаудан өтуге конкурстық іріктеуден өткен мемлекеттік қызметшілер өтеді.

11. Даирлау Академия бекіткен бағдарлама бойынша жүзеге асырылады.

12. Даирлаудан өтуге конкурстық іріктеу тәртібі мен даирлаудан өту тәртібін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Академия айқынрайтады.

## **4. Қайта даирлау**

13. Академияда қайта даирлаудан «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, сондай-ақ «Б» корпусының А, В санаттары тобының, С-1, С-2, С-3, С-4, С-5, С-О-1, С-О-2, D-1, D-2, D-3, D-О-1, D-О-2, E-1, E-2 санаттарының

мемлекеттік әкімшілік қызметшілері өтеді.

Орталықтарда қайта даярлаудан «Б» корпусының С-О-3, С-О-4, С-О-5, С-О-6, С-Р-1, С-Р-2, С-Р-3, С-Р-4, С-Р-5, D-4, D-5, D-О-3, D-О-4, D-О-5, D-О-6, E-3, E-4, E-5, E-Р-1, E-Р-2, E-Р-3, E-Р-4, E-Р-5, E-Г-1, E-Г-2, E-Г-3, E-Г-4 санаттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері өтеді.

14. Мемлекеттік қызметшілер лауазымға тағайындалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей қайта даярлауға жіберіледі.

15. Мемлекеттік қызметшілер қайта даярлаудан күндізгі негізде өтеді. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне алғаш кірген адамдарға қашықтан білім беру технологиялары арқылы қайта даярлаудан өтуге болады.

16. Қайта даярлау мерзімінің ұзақтығы кемінде 120 академиялық сағаттан тұраады.

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік басшы лауазымына алғаш тағайындалған және «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына алғаш тағайындалған мемлекеттік қызметшілерге қайта даярлау басталған күннен бастап үш ай ішінде көрсетілген көлемде қайта даярлаудан өтуге жол беріледі.

17. Академияда қайта даярлауды ұйымдастыру талаптарын мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Академия айқындаиды.

## **5. Мемлекеттік саяси қызметшілердің және «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің біліктілігін арттыру**

18. Мемлекеттік саяси қызметшілердің және «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің біліктілігін арттыру Академияда жүзеге асырылады.

19. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің біліктілігін арттыру менеджмент, стратегиялық жоспарлау салаларында, сондай-ақ басқарушылық шешімдер қабылдау, кәсіби, басқарушылық және жеке құзыретін жетілдіру мәселелері бойынша жүргізіледі.

20. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері біліктілігін арттырудан:

1) мансаптық жоспарларда көзделген жағдайларда үш жылда кемінде бір рет;

2) мемлекеттік қызметшілердің қызметін жыл сайынғы бағалау аясында үш жылдың қорытындысы бойынша екі рет «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда – мемлекеттік қызметшілер қызметін бағалаудың нәтижесі бойынша үш ай ішінде өтеді.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген біліктілікті арттыру мемлекеттік қызметшінің тиісті функционалдық міндеттеріне сәйкес келетін бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген біліктілікті арттыру мемлекеттік қызметші қызметінің қанағаттанарлықсыз деп танылған бағыты бойынша жүзеге асырылады.

21. Мемлекеттік саяси қызметшілердің және «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің біліктілігін арттыру Академияның шетелдік оқытушылар шақыртылатын оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

## **6. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің біліктілікті арттыру**

22. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру Академияда, орталықтарда, ведомствалық және басқа білім беру үйімдарында жүзеге асырылады.

23. Лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби сертификаттаудың болуы көзделетін мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің біліктілігін арттыру тиісті бейіндегі мамандарды даярлауға маманданған ведомстволық және басқа білім беру үйімдарында жүзеге асырылады.

24. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері біліктілігін арттырудан:

1) үш жылда кемінде бір рет;

2) мемлекеттік қызметшілердің қызметін жыл сайынғы бағалау аясында үш жылдың қорытындысы бойынша екі рет «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда – мемлекеттік қызметшілер қызметін бағалаудың нәтижесі бойынша үш ай ішінде отеді.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген біліктілікті арттыру мемлекеттік қызметшінің тиісті функционалдық міндеттеріне сәйкес келетін бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген біліктілікті арттыру мемлекеттік қызметші қызметінің қанағаттанарлықсыз деп танылған бағыты бойынша жүзеге асырылады.

25. Біліктілігін арттырудың ұзақтығы 24-тен 80-ге дейінгі академиялық сағаттан тұрады.

26. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің біліктілігін арттыру Академияның шетелдік оқытушылар шақыртылатын оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

## **7. Мемлекеттік қызметшілердің өзге қаражат есебінен шетелдерде біліктілігін арттыру**

27. Халықаралық ұйымдардан немесе шетелдік мемлекеттердің үкіметтерінен , оның ішінде мемлекеттік қызмет саласындағы Өнірлік хаб аясында қаражат және техникалық көмек бөлінген жағдайда не Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тығым салынбаған өзге де қаражат бөлінген жағдайда, мемлекеттік орган функционалдық міндеттері біліктілікті арттыру тақырыбына сәйкес келетін мемлекеттік қызметшіні біліктілігін арттыруға жібереді.

## **8. Мемлекеттік қызметшілерді оқыту бойынша қызметті үйлестіру**

28. Даирлау, қайта даирлау мен біліктілікті арттыруды ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау мақсатында мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның жанында үйлестіру кеңесі құрылады. Үйлестіру кеңесінің ережесі мен құрамын мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

29. Даирлау, қайта даирлау мен біліктілікті арттыру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсынымдар мен ұсыныстарды тұжырымдау мақсатында Академияның жанында ғылыми-әдістемелік кеңес құрылады.

Ғылыми-әдістемелік кеңестің ережесі мен құрамын мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Академия бекітеді.

30. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметтері) жылдың қорытындысы бойынша, келесі жылдың 10 қаңтарына дейін мемлекеттік қызмет жөніндегі уәкілетті органға қайта даирлау мен біліктілігін арттырудан өткен қызметкерлер туралы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша есеп береді.